

5-сынып
ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ
Тек бір ғана жауабы дұрыс.

1-мәтін

Бауырсақ

Шай, қымыз, шұбат ішкенде дастарқанға бауырсақ салады. Бауырсақты жоғары немесе бірінші сортты бидай ұнынан пісіреді. Оны қамырды ашытып та, ашытпай да дайындауға болады. Ашытпай пісірген бауырсақ көпке шыдайды, ал ашытып пісірілген бауырсақ кеуіп қалса, жеуге жайсыз болады. Ашымаған қамырдан бауырсақ пісіру үшін ұнға май, жұмыртқа, сүт, тұз салып илейді. Қамырды жазып, төрт бұрыштап немесе жіңішкелеу кеседі. Кесіп дайындаған бауырсақтың бетін кеуіп кетпеу үшін жауып қойған жөн. Қазанға май салып әбден қыздырып алған соң, бауырсақ майдың мөлшеріне қарай салынады. Бауырсақты үздіксіз араластырып тұрса, біркелкі болып піседі. От қатты жанса, бауырсақтың іші шикі болады немесе тым қызарып кетеді. Қызыл күрең болып піскен бауырсақ сәнді де, дәмді де болады.

1. «Шикі» сөзіне қарсы мәндес сөз

- A) шала
- B) піскен
- C) піспеген
- D) қамыр
- E) ашытқы

[1]

2. Бауырсақ қай жағдайда көпке шыдайды?

- A) ашытпай пісірсе
- B) ашытып пісірсе
- C) бетін жауып қойса
- D) оты қатты жанса
- E) үздіксіз араластырмаса

[1]

2-мәтін

Ерте замандардың бірінде қазақ даласына шабуыл жасаған дұшпанның қалың қолы бұл күнде құм арасында қалған бір қаланы қоршап алыпты. Қорғаннан өте алмаған жау қалаға келетін ауыз суды тоқтатып, қамаудағы халықтың берілуін күтіпті. Қала жым-жырт. Бірнеше күн өтсе де, қалаға кіргізер нышан байқалмапты. Сонда дұшпанның әскербасы жарлық шығарған:

– Қаладан көтергенінше зат алып әйелдердің кетуіне рұқсат!

«Ерлері жоқ әйелдер бәрібір ұрпақ өрбітпейді, бұл халықты осылай құртамыз», – деп жау өз үкіміне масайрапты.

Қаланың байлығын таласа-тармаса бөліскен жау енді еркек атаулыны құрту үшін азаматтарды іздесе, қаланың бірде-бір үйінде жан жоқ!

Әйелдер бір-бір ер азаматты қапқа салып алып кеткен екен. Кішкене қыздар ер балаларды, кемпірлер шалдарды көтеріп кетіпті. Бір халық осылай аман қалыпты дейді.

3. Мәтіндегі *масайрады* сөзіне мағыналас сөзді белгілеңіз.

- A) дәріптеді
- B) бұйырды
- C) балағаттады
- D) мақтанды
- E) шегінді

[1]

4. Мәтін қай қатарға жатады?

- A) эссе
- B) роман
- C) проза
- D) аңыз
- E) мақала

[1]

5. Мәтінге сай тақырыпты белгілеңіз.

- A) Дұшпандардың қулығы
- B) Қорғансыз халық
- C) Қапыда қалған жау
- D) Әйелдер мен еркектер
- E) Тоналған қала

[1]

6. Мәтіннің тұжырымы:

- A) Еркектер ақылды
- B) Әйел қулығы 40 есекке жүк
- C) Айлалы дұшпан
- D) Табиғат заңы
- E) Халық қорғаны

[1]

3-мәтін

Балапан ұясы

Бүркітті құсбегілер әртүрлі жолмен қолға түсіреді. Соның негізгі тәсілі бүркітті балапан кезінде ұядан алу. Бүркіт ұясын адам баласы оңай бара алмайтын, аса биік шың-құздың басына, жалама жартастарға салады. Кәнігі құсбегілер бүркіттің балапанын ұядан алу үшін ұзақ уақыт аса мұқият бақылап тексереді. Ұябасардың қай жақтан ұшып шығып, қайда барып, қалай қайтқаны – бәрі-бәрі аса мұқият бақыланады. Ақылды құс балапанына жем тасығанда өте қырағылық танытып, сақтықпен барынша құпия ұшады. Мысалы, ұядан ел көзіне түспей өте ерте ұшады немесе ұясын құпия ұстау үшін жемді ұяның жақын маңынан емес, барынша ұзақтан тасиды. Сол сияқты ақылды бүркіт ұясына жем әкелгенде дағдылы бір бағытпен келмейді және жемнің өзін үнемі бір жақтан әкелмейді, ұяға жақындаған кезде бой тасалап, сайды өрлей, жер бауырлай ұшып ұяның астынан жасырын тік көтеріледі. Нағыз қыранның ұясын табу оңай-оспақ жұмыс емес. Кейбір бүркіт ұя маңынан адамды көріп қалса, балапанын басқа жаққа көшіріп әкетеді. Ұядағы жұмыртқа жалғыз болса оны жалқы балапан деп атайды. Бұл қыран болудың бір белгісі деп есептеледі. Қыран бүркіттер жалқы балапаннан көбірек шығады. Ел аузында «жалғыз туса жан алар» деген сөз бар. Егер ұяда бірі үлкендеу, бірі кішілеу екі

жұмыртқа болса, құсбегілер үлкендеуін ұябасар деп кішілеуінен бұқатана балапан шығады деп есептейді де, ұябасар жақсы өсіп жетілсін деп бүркіт жоқта ұядағы жемге ортақтасатын бұқатана жұмыртқаны алып тастайды. Бүркіт балапанында – сары аяқ, сары тұмсық болады. Өсе келе әртүрлі түске өзгереді. Бірақ, қырағы құсбегілер құсты осындай балапан кезінде-ақ назар салып, болашақта қандай құс болатынын парықтай алады. Балапан ана тәрбиесінде өсіп қана қанаттанады. Әбден ұшарға таяғанда ұстамаса, ақ үлпек кезінде ұядан алған балапан кенжелеп орыннан тұра алмайтын тілерсек дертіне шалдығуы мүмкін. Ұядан алған балапанды үйге әкелген соң үйшік жасап, бөлек баққан абзал. Үйшіктің есігін жауып, жемді төбесіндегі жарық түсетін тесіктен берген дұрыс. Балапан жемге тойғаннан кейін үйшікті тазалап, суды жаңалап қояды. Өйтпесе, ескірген жем жеп, борсыған су ішкен балапанға індет жұғады. Балапан есейген соң артқы екі тегеуіріне баулық бау тағып, айналсоқ жасап, саздауыт жазық жерге тұғыр орнатып, ұзын жіппен арқандайды. Жемді әбден қараңғы түскенде жақындатып қойса, таң атқанша жеп бітіреді. Бұлай тәрбиеленген балапан орынсыз піштақтап шақырмайды әрі жемге таласып адаммен қарсыласпайды. Дала құсы тектес ер жетеді.

7. Мәтін желісінің ретін табыңыз:

- 1) *Балапанның өсуі*
- 2) *Бүркіт ұясы*
- 3) *Қырағы құсбегілер*
- 4) *Бүркітті қолға түсіру тәсілі*

A) 3. 4. 2. 1.

B) 2. 3. 4. 1.

C) 4. 2. 3. 1.

D) 1. 2. 3. 4.

E) 4. 3. 2. 1.

[1]

8. Мәтін бойынша бүркіттің қандай қасиетін байқауға болады?

A) қырағылық

B) мұқияттылық

C) сақтық

D) айлакерлік

E) барлық жауап дұрыс

[1]

9. Бүркітті қолға түсірудің ең тиімді тәсілі:

A) Қақпан құру

B) Балапан кезінде ұядан алу

C) Құздың басынан алу

D) Бүркіт ауру кезде қолға түсіру

E) Аналық бүркіттің артына түсу

[1]

10. Құсбегілер жұмыртқаны неше түрге бөліп қарастырды?

A) 1

B) 3

C) 2

D) 4

E) 5

[1]

11. Неліктен құсбегілер бұқатана жұмыртқаны ұясынан алып тастайды?

A) бүркіт жоқта ұядағы жемге ортақтасатыны үшін

B) ұядағы артық орын алмас үшін

C) қолға үйрету үшін

D) бөлек ұяға орналастыру үшін

E) бұқатана жақсы өсіп-жетілуі үшін

[1]

12. Мәтіндегі *парықтай алу* тіркесін қай тіркеспен алмастыруға болады?

A) бағамдай алу

B) болжай алу

C) бағыттай алу

D) пысықтай алу

E) үйрете алу

[1]

13. Мәтінге сәйкес емес ақпаратты белгілеңіз:

A) Үйшіктің есігін жауып, жемді төбесіндегі жарық түсетін тесіктен бермеген дұрыс.

B) Бүркіт балапанында сары аяқ, сары тұмсық болады.

C) Жемді әбден қараңғы түскенде жақындатып қойса, таң атқанша жеп бітіреді.

D) Ұябасардың қай жақтан ұшып шығып, қайда барып, қалай қайтқаны бәрі-бәрі аса мұқият бақыланады.

E) Ұядағы жұмыртқа жалғыз болса оны жалқы балапан деп атайды. [1]

14. *Кәнігі* сөзіне мәнделс сөз

A) кәдімгі

B) қырағы

C) кәсіби

D) сақ

E) өзгеше

[1]

15. Бүркіт балапаны өсе келе қандай түске өзгереді?

A) сары

B) қызыл

C) қызғылт

D) әртүрлі

E) қара

[1]

16. Өзің қалаған ұлттық тағам туралы жарнама жаз.

[5]

Барлығы – 20 балл

6-сынып

ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ

Тек бір ғана жауабы дұрыс.

1-мәтін

Зайсан көлін ертеде монғолша Хуно-Хуто-Нор – «Қоңыраулы көл» деп атапты. Бұл атау алыстан көк толқынның қоңырауша сылдырлап естілуіне байланысты айтылған болар.

Зайсан көлі, әсіресе жаздыгүні өте әдемі болады. Ол жаздың тымық күнінде шексіз теңізге ұқсайды. Көл өте үлкен, жағалай біткен көк құрақ.

Құсы көп, әсіресе жазғытұрым қаз қаптап кетеді. Жұмыртқаларын қамыс құраққа салады. Қайықпен аралап жүріп қаптап алуға болатын. Қамыстарда шағала, үйрек, қаз, бірқазан, әуілдектер, суында құндыз, ондатрлар мекен етеді. Мұнда шабақ балық көп, одан кейін шортан, қарабалық, сазан, алабұға. Міне, Зайсан көлі бұрын осындай еді.

1. Екінші абзацта не туралы айтылған?

А)Көлді мекендейтін жәндіктер туралы

В)Көлдегі балықтар туралы

С)Көлдің көлемі туралы

Д)Көл атауы туралы

Е)Қамысты құрақтағы құстар туралы

[1]

2. Көлдің «Қоңыраулы көл» аталуының себебі неде?

А)Көлде жүзген құс үнінің жағымдылығына байланысты.

В)Көлдің әдемілігіне байланысты

С)Көк толқындардың жылдамдығына байланысты

Д)Көлден шыққан ерекше дыбысқа байланысты

Е)Көл толқындарының бұйралығына байланысты

[1]

2-мәтін

1.Айдостың туфлиі жыртылып қалды. Ертесі сабаққа киіп баратын туфлиі табыла қоймады. Ауылдағылар ауданға себепсіз бара бермейді. Әкесі жыртылған туфлиінің табанын алып, басқа табаны тозған аяқ киімге тігіп берді. Көзге қораш көрінеді. Оны қарап тұрған әкесі жоқ. «Тамаша емес пе?» деп қояды.

2.Ертесіне еріксіз әлгі аяқ киіммен мектепке барды. Галош секілді бірдеме өзі. Өшейінде партаның үстімен жүгіріп жүретін Айдос осы жолы тыныш отырды. Сұрағандарға «ауырып отырмын» дей салды. Аяғына бәрі қарап отырғандай. Партаның астына тығып әлектенді. Мұғалімдер сабақ сұрайды, бұл дайын емеспін дей салады. Олар да журналға тиісті бағаларын қонжытып жатыр. Тақтаға да шықпады. Өзін қор санады. Тамағына өксік тығылды. 4 сабақ біткенше орнынан тапжылмай отырды.

3.Сабақ аяқталысымен мектептен жүгіре шықты. Еңіреп жылап үйге келді. Үйге кірсе, жаңа туфлиі әкеліп қойыпты.

3. 2-бөлімде қандай жағдай туралы айтылды?

1. Айдос келеңсіз жағдайға тап болды.

2. Сыныптастарының барлығы Айдостың аяқ киіміне күлді.

[1]

4. Айдос бүгінгі сабағын әдеттегідей оқыды.

- А)Үшінші
В)Бірінші
С)Екінші
D)Барлығы теріс
Е)Барлығы дұрыс [1]
5. 1-бөлім бойынша Айдос қандай әрекетке ыза болды?
А)Әкесі Айдостың пікірін сұрамағанына
В)Ертең сабаққа баратынына
С)Ауданға баратын адамның болмағанына
D)Әкесінің басқа табан тігіп бергеніне
Е)Туфлиінің жыртылғанына [1]
6. Қандай мақал-мәтел Айдостың қылығына сәйкес келеді?
А)Базарда бәрі бар, ақшасыз ешкім бермейді.
В)Қалауын тапса қар жанар.
С)Қырсыққан жігіт мал таппас.
D)Өтірік айтқаннан өлген артық.
Е)Жылай-жылай жар қазсаң, күле-күле су ішерсің. [1]
7. Айдос неліктен жылап жіберді?
А)Туфлисіз қалғанына ренжіп.
В)Бүгін басынан өткен жағдайға төзгеніне.
С)Жаңа туфли әпергеніне қуанып.
D)Ата-анасына сенбегеніне ренжіп.
Е)Сабақты айтпай, тисті баға алғанына. [1]

3-мәтін

I. Еліміздің әр қаласында театр бар. Бір Алматының өзінде 10 мемлекеттік және он шақты жекеменшік театр бар екен. Ал осы мәдениет ошақтарына оқушыларымыз барып жүр ме? Қазір театрға көрерменді көбіне әкімшілік жолмен жинайтыны жасырын емес. Ал егер балаларға арналған қойылымдарға көрерменді арнайы жинап әкелмесе ше? Қанша адам келер екен?

Театрдағы көрермен мәселесі төңірегінде Астана қалалық «Жастар» театрының әдеби қызметкері Назерке Жұмабайды әңгімеге тартқан едік.

– Қазір театрға балалар өз еріктерімен келеді дей алмаймын. Әрдайым ұйымдастырумен жинаймыз. Әсіресе, қуыршақ театрларына қазақ балаларының қызыққанын көрмеппін.

II. Баланың таным-түйсігін кеңейтуде қуыршақ театрларының алар орны үлкен. Бізде де, өзге елдерде де балабақша жасынан бастап, бүлдіршіндерге қуыршақтармен көрініс қою бағдарламаға енгізіледі. Аты солай аталып тұрған соң, бұл театрларда тек қуыршақтармен жұмыс жасайды деп ойлайтындар бар. Олай емес. Бұл өнер ошақтары балалардың санасына отбасына деген сүйіспеншілікті, еліне, жеріне патриоттық сезімді қалыптастыратын қойылымдарды да сахналайды. Бірақ осы қуыршақтар әлеміне қазақ балаларының көптеп ағылып жатқанын байқай алмадық. Мысалы,

Алматыдағы Мемлекеттік қуыршақ театрының 200 адамдық орны бар. Қойылымдары екі тілде де қойылады. Орысша қойылымдарында залдың кем дегенде жартысы толып отырады. Ең қызығы, алдыңғы қымбат билеттер бірінші сатылып кетеді. Ал қазақша қойылымдарға ары кетсе 30 адам келеді. Оның өзінде де ата-аналар ең арзан билеттерді алуға тырысады. «Арзан билетті алып, алдыңғы бос орындарға отыра саламыз» деген түсінік қалыптасқан.

III. Бүгінде қазақтар шетелге жиі саяхаттайды. Біріккен Араб Әмірліктерінен Алматыға қарай ұшаққа отырарда қасымдағы жеткіншек қазақ баланы сөзге тарттым. «Ал, арабтардың әмірліктерінен не көріп қайттың?» деп сұрадым. Сол кезде 12-13 жас шамасындағы баланың жауабына көңілім толмай қалған еді. Бар айтқаны – ана шетіндегі жағажай, мына шетіндегі жағажай, биік-биік ғимараттар, дүкендер... Өзім танысқан бірнеше мұражайды атап едім, «бармадық» деп басын шайқады. «Сонда бұл халық туралы не біліп қайттың?» деп сұрадым. Тағы да мардымды жауап бере алмады. Сонда бір елге барып тұрып, мәдениеті мен тарихымен танысуға қызықпағандары қалай? Тіпті, тілін түсінбейтін болсаң да, шетелдің театрына бас сұғып қайтсаң, көп жайды аңғарып қайтуға болады. Мәселен, Сеулде фольклорлық «Nanta» атты театр бар. Билетінің бағасы біздің театрлардан он есе қымбат тұрады. Алматыдағы балалар спектакльдерінің билет құны – 400-600 теңге, Астананың Жастар театрында балалар билеті – 300 теңге. Ал «Nanta» билеті шамамен 5000 теңге көлемінде. Соның өзінде, екі барғанымда да үлкен залда бос орын болмады. Атауы «ретсіз дыбыстар» деген мағынаны беретін бұл театрға кәрістер үш жасар баласын да ертіп келеді. Ал бізде актер болуды армандайтын кей бала театр көрмей өседі...

IV. Шыны сол, қазақтар бала тәрбиесіне мәдени ошақтарға бару мәселесін қоса бермейді. Күнделікті күйбең тірлікпен жүріп, ұл-қыздарын анда-санда болса да, театрға ертіп баруды ойластырмайды. Қажет көрмейтіндері де бар.

8. Екінші азатжолдың үшінші азатжолға қатысы қандай?

A)Дәлелдейді

B)Зерттейді

C)Нақтылайды

D)Суреттейді

E)Сипаттайды

[1]

9. Мәтіннің негізгі ойы қай сөйлеммен сәйкес келеді?

A)Елімізде театр санын арттыру керек

B)Қуыршақ театрының қойылымдары сапасыз.

C)Бала тәрбиесіне мәдени ошақтарға бару мәселесін қою керек.

D)Шетелде демалудың өзі – бір бақыт

E)Театр билетінің құнын өсіру керек

[1]

10. «Ал бізде актер болуды армандайтын кей бала театр көрмей өседі...»

Автордың айтпақ ойы қандай?

A)Баланы жасынан мәдениетке үйрету керек.

- В)Өнер ошағына үлкейген кезде бару керек.
С)Кішкентай балаға театр қызық емес.
D)Кез келген арманға қол жеткізуге болады.
Е)Актер болу үшін театрға бару міндет емес. [1]

11. «Арзан билетті алып, алдыңғы бос орындарға отыра саламыз» деген түсініктің орын алуына не себеп?

Ата-аналардың...

- А)Бағасы бір деп ойлауынан
В)Мәдени орынды сыйламауынан
С)Немқұрайлық танытуынан
D)Қаражатының жоқтығынан
Е)Өресінің таяздығынан [1]

4-мәтін

Сарышұнақтар

Жабайы табиғатта сарышұнақтардың қимыл-қозғалысын бақылау – өте қызықтырарлық шаруа. Бұл кеміруші асқан сақтықпен жүреді. Күндіз інінен шығып, артқы аяқтарына тұра қала, айналасына қарауы еріксіз езу тарттырады. Сарышұнақтардың жақсы жақтарынан бөлек, жаман жақтары да бар. Мәселен, олар егістікті құртатын зиянкестерге айналуы мүмкін, немесе эпидемия таратушылар болуы, мысалы, жануарлар арасында оба таратуы мүмкін.

а. Солтүстік жартышар, қоңыржай ендігі және тіпті, Полюс шеңберінің кейбір жерлері – сарышұнақтар мекендейтін жерлер. Қыр дала мен ормандар, көгалдар мен орман тундралары бұл кішкентай кеміргіштерге пана болады. Бір қызығы, көгалдарды мекендейтін сарышұнақтар, солтүстіктің суық климатынан қорықпай, жиі Полюс шеңберінен тыс тұрақтайды. Ал қыр даланың кеміргіштері жартылай шөлейт, шөл және теңіз деңгейінен 3500 м биік тау телімдерін ұнатады. Бір жағынан сарышұнақтардың сақтығын олардың мекендеу орнымен түсіндіруге болады, олар көбіне ашық ландшафтарды мекендейді.

б. Әрине, сақ сарышұнақтардың үйіне жақындау оңай емес. Бірақ, кейде далалы аймақтарда сұр «бағандарды» көруге болады, сарышұнақтар осылайша қауіптің жақындауына әрекет етеді. Сыртқы түріне қарасаң, үлкен сарышұнақ тиінге ұқсайды. Бұлардың созыңқы тұрқы 14-40 см, құйрығы шағын, ұзындығы денесінің жартысына сирек жетеді, құлақтары қысқа әрі толықтай жалаң, көздері үлкен және артқы аяқтары алдыңғыларына қарағанда ұзынырақ. Жалпы түсі — сарғыш-сұр, жотасы қоңырқай тартқан, жүні жұмсақ, қалың.

с. Шөпқоректі сарышұнақтар қорек іздеуде індерінен ұзақтамайды. Олар қолжетімді өсімдіктерді маңынан табады және оның жемісі мен жапырағын да, тамырын да ұнатады. Алайда, сарышұнақтардың тірі азығы да бар, олар — аулайтын не інінің қасынан табатын ұсақ жәндіктер. Көгалды мекендейтін

сарышұнақтар жақын жердегі сұлы, жүгері, арпа егістіктерімен қоректенгенді ұнатады. Бұл кеміргіштер зиянкестер деген атқа ие. Даланың сан түрлі шөптерінен бөлек, бұл аңдар кейде жабайы жидек бұталаларына тап болады. Және жидектерді сүйсіне жейді. Сарышұнақтардың кейбір түрлері, мысалы, ұзын құйрықты сарышұнақтар әртүрлі өлексесі, тіпті ас үй қалдықтарын жегенді ұнатады. Сонымен қатар, олар өсімдікке қарағанда, аң етін қуана жейді.

d. Сарышұнақтар жылына бір рет балалайды, ал олардың ұрпақтары саны бойынша екіден он екіге дейін жетеді. Жүктілігі бір айға дейін созылады, ал өмір сүру салты орташа өсімталдыққа алып келеді. Сарышұнақтар зағип және жалаң төлдерді, көбіне көктемде алып келеді. Он күннен кейін төлдерінің жоталарында алғашқы қылшық пайда болады, ал тағы да бірнеше тәуліктен кейін олар толықтай жүндейді. Үш ай – жас өркеннің өсіп жетілуі және бағынышсыз өмір сүруі үшін қалыпты жас. Балалары аналарының інін, әдетте күзде тастайды.

12. Сарышұнақтардың тірі азығы:

- A) Қыр дала
- B) Ормандар
- C) Полюс шеңбері
- D) Ұсақ жәндіктер
- E) Жидектер

[1]

13. Сарышұнақтардың зияны туралы дұрыс ақпарат:

- 1. *Эпидемия таратады*
- 2. *Егістікті құртады*

- A) тек біріншісі
- B) тек екіншісі
- C) екеуі де бұрыс
- D) екеуі де дұрыс
- E) зияны жоқ

[1]

14. *Зағип* сөзіне мәндес сөз белгілеңіз:

- A) керек
- B) саңырау
- C) соқыр
- D) сақау
- E) құныс

[1]

15. Жас сарышұнақтар өз індерін қай кезде тастап кетеді?

- A) жаздыгүні
- B) көктемде
- C) қыста
- D) тастамайды
- E) күзде

[1]

16. Табиғатты қорғауға арналған іс-шара өтетіні туралы хабарландыру жаз.

[5]

Барлығы – 20 балл

7-сынып
ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ
Тек бір ғана жауабы дұрыс.
1-мәтін

Құмырсқа – әлемдегі ең көп тараған жәндіктің бірі. Қазақ «құмырсқадай қажырлы», «құмырсқадай құжынаған», «құмырсқадай еңбекқор» деген тіркестерді бекер айтпаған. Олардың біз білмейтін қызық қыры көп. Оны ғалымдар зерттеп, бұқараға жеткізіп отыр.

Құмырсқаларды зерттейтін ғылым – мирмекология деп аталады. Осы мирмеколог мамандардың құмырсқадай тынбай талаптанып, қайнаған тіршілікті зерттеуі нәтижесінде бізге олар туралы көптеген қызықты деректер белгілі болды. Құмырсқа жер жүзінде ең көп тараған жәндік. Әлемдегі ең құрметті мимекологтардың бірі Эдвард Уилсонның есебі бойынша, бүгін жер бетінде 10 квадриллион, яғни онның 15 дәрежесіндей құмырсқа бар екен. Жан басына шаққанда, бір адамға миллион құмырсқадан келеді, ал жалпы үлесі барлық адамның үлесіндей.

1. «Құмырсқадай құжынаған» тіркесінің мағынасына сай келмейтін қатарды көрсетіңіз.

- A)Көп, қарақұрым
- B)Қаптап кетті, қайнады
- C)Қажырлы, еңбекқор
- D)Нөпір болды, ығы-жығы
- E)Қайнаған, қалың

[1]

2. Мәтіннің тақырыбы қандай?

- A)Құмырсқалар еңбегі
- B)Құмырсқалар достығы
- C)Жәндіктер туралы
- D)Мирмекологтар туралы
- E)Құмырсқалар илеуі туралы

[1]

2-мәтін

1. Сізге, ардақты және құрметті, жақсы көретін аяулы ініміз Халиулла мырзаға, бізден, ағаңыз Ибраһимнен және барлық ата-аналарыңыздан, аға-іні, жеңгелеріңізден көп-көп дұғай сәлемдер жолдадық.

2. Құдайға шүкір, осы күнде өзің көрген жандар тегіс аманбыз.

Сізбен бірге бізге хат жазған Қамаридден моллаға көптен-көп сәлем дегейсіз.

Сізге хат жазуға уақытын бөлген және басқа да әрбір жақсылықтары алла тағаладан қайтсын, Аяғөзге келген уақытта почта жүргелі тұр екен, сіздің хаттарыңызды көрген соң, көңіліміз жай тапты және сізге жол қаржыға отыз теңге жібердім.

3. Жаңа Семейге мағлұм еткен уақытыңызда құдай тағала қаласа ат тағайындармыз. Тәтеңіз 1 білімнің қайнар бұлағын үйренгенің турасында бекқуанып жатыр. Әрқашан құдайтағалаға сиынып талап қыла көрсін дейді.

Хатыңыз тиісімен ешбір тоқтамайынша Аяғөзге келіп осы хатты жаздық. Әрдайым деніңіз сау болып, абыройлы болыңыз. Ғұмырыңызды тілеп хат жазушы ағаңыз Ибраһим Құнанбайұлы деп білесіз. Тағы да көп-көп сәлем.

3. Берілген мәтін қай стильде жазылған?

- A)Ғылыми стиль

- В)Көркем әдебиет стилі
С)Ресми ісқағаз стилі
D)Публицистикалық стиль
E)Ауызекі сөйлеу стиль [1]
4. Халиулланың ісі туралы қандай бөлімде айтылған?
A)Үшінші
B)Екінші және үшінші
C)Бірінші
D)Екінші
E)Барлығында [1]
5. Неге хатта Қамаридден моллаға алғыс айтылды?
A)Себебі Халиулла молламен бірге тұрады.
B)Себебі Қамариден молла хат тасиды.
C)Себебі хат Қамариден моллаға арналған.
D)Себебі молла Халиуллаға хат жазуға көмектеседі.
E)Себебі Қамариден молладан ат мінеді. [1]
6. Хаттың 1-бөлімі арқылы жазған адам туралы не айтуға болады?
A)Ардақты адам
B)Құрметті адам
C)Бауырмал адам
D)Танымал адам
E)Талапшыл адам [1]

3-мәтін

Түһ, түн неткен қараңғы еді! Жұлдыздар да шілде ортасындағыдай шүпірлей қапты. Анау – темірқазық, анау – жетіқарақшы. Анау – ақбоз, көкбоз... Анау... Апырау, ат құлағының арасынан қылаңытқан күлдей бозаң шоғыр Үркер ғой! Жарықтық, бұдан ұсақ, бұдан солғын жұлдыз жоқ шығар. Бірақ, соған қарамастан, қаншама самала шырақтар самғаған түнгі аспанда оны көзің бірден шалып тұр-ау! Оның сиқыры неде екен? Әлде жұп ажыратпай бірге туып, бірге бататынынан ба? Жұлдыз екеш жұлдыз да неғұрлым саны аз, неғұрлым жарығы солғын болған сайын жиі тұрмаса, көзге түсе алмайтындарын білген ғой! Өздері неткен ыңғайтөк еді! Жаздың жаңбырлы, құрғақ, қыстың жайлы, жайсыз боларын жұрт осы Үркерге қарап біле қояды. Бәрін алдын ала осы бір шөкім солғын шырақтар сезіп қоятындай. Бәлкім, мынау бірін-бірі иықтап, бірін-бірі төбеден нұқып жатқан әумесер дүниеде аз халықтарға да осы Үркер мінез керек шығар! Бәлкім, олар мынау ұйтқымасы көп аласапыран дүниеде тек Үркердей тығыз тұрып, дауыл мен боранды Үркердей алдын ала біліп, алдын ала ыңғайға аунап отыра алса ғана, аман қала алатын шығар...

Жолға шыққанда Үркердің маңдайынан туғанын жақсылыққа жорымаушы ма еді! «Үміт артсаң, Үркерге қара!» деуші еді ғой. Желтоқсанда да Үркердің ат құлағынан асып көтерілмегені алдағы қыстың жайлылығы шығар. Алдыңда жақсылықтан асқан бақыт бар дейсің бе!

Үркердің қарсы алдыңнан туғаны маңдайынан ашылайын дегені ме екен?!

Не де болса үміт бар ғой. Қаршадай Ералы көз көрмеген алыс жолға сол үмітпен аттанды ғой. Бұрын қайда аттап басса да, үрей анталап тұрмаушы ма еді. Жоңғар қайтер екен, қалмақ қайтер екен, башқұрт қайтер екен деп қаралай қылпылдап бітуші едік қой. Енді, не де болса, бір үміт бар емес пе.

Ендеше, мынау Үркер де жақсылығымен туған шығар. Тек бұның, тек мынау талайды көріп, талай тауға басын соққан көнтері жұртының алдынан ылғи осылай үміт шырағы туып тұрғандай!

7. Мәтіннің тақырыбы қандай?

А) Үміт шырағы

В) Жұлдыз сыры

С) Ырымшыл халық

Д) Дала аспаны

Е) Жақсылық нышаны

[1]

8. «Не де болса үміт бар ғой. Қаршадай Ералы көз көрмеген алыс жолға сол үмітпен аттанды ғой» деп кейіпкердің қандай қасиетін көрсетіп тұр?

А) Тәуекелшілдігін

В) Сабырлылығын

С) Ұстамдылығын

Д) Жігерлілігін

Е) Мақсатшылдығын

[1]

9. Мәтіннің бірінші азатжолы қандай үлгіде жазылған?

А) Әңгімелеу

В) Баяндау

С) Суреттеу

Д) Пайымдау

Е) Сипаттау

[1]

10. Мәтін мазмұнына сәйкес «Бәлкім, мынау бірін-бірі иықтап, бірін-бірі төбеден нұқып жатқан әумесер дүниеде аз халықтарға да осы Үркер мінез керек шығар!» деу арқылы автор қандай нәрсеге назар аудартады?

А) Шынайылыққа

В) Сабырлыққа

С) Болжампаздыққа

Д) Сенімділікке

Е) Турашылдыққа

[1]

11. «Халық не себептен «Үміт артсаң, Үркерге қара!» деген?

А) Дәстүрді құрметтеген

В) Түн жылы болатындықтан

С) Бағыт сілтеуші болғандықтан

Д) Жақсылыққа жорығандықтан

Е) Түн жарық болатындықтан

[1]

12. Автордың «...Тек бұның, тек мынау талайды көріп, талай тауға басын соққан көңтері жұртының алдынан ылғи осылай үміт шырағы туып тұрғандай!» деп аяқтауының мақсаты қандай?

- A)Халқына жанашыр болу
- B)Халқына сенім арту
- C)Халқының қамын ойлау
- D)Халқына қамқор болу
- E)Халқының жолын ашу

[1]

4-мәтін

Жуықта Шығыс Қазақстанның Катонқарағай және Күршім аудандарында 50-ден астам сұңқар мен ителгі еркіндікке жіберілді. Кезінде контрабандалық жолмен шетелдерге өтіп кеткен құстар аймаққа Біріккен Араб Әмірлігінен әкелініп отыр. Дубай қаласындағы экологиялық агенттіктің бұл жобасы әлемде 18 жыл көлемінде жүзеге асырылып келеді. Осыған байланысты құрылған арнайы қор «Қызыл кітапқа» енген және жылдан-жылға азайып бара жатқан сұңқарлардың санын қалпына келтірумен айналысады. Арабтар аңшылыққа пайдаланатын құстарды еркіндікке жіберу жөніндегі жобасын бұған дейін Қырғызстан және Пәкістан елдерінде жүргізген. Соңғы бірнеше жыл ішінде бұл ауқымды экологиялық шараға Қазақстан да қатысып отыр. Басына сәлде киіп, ақ киімге оранған арабтардың Алтай өңіріне келуі – күнде бола бермейтін оқиға. Сондықтан болар, қонақтардың әрбір әрекеті мен жүріс-тұрысын бақылау көпшілік үшін қызықты болды. Саятшылық пен құсбегілік қазақтың қанына сіңген өнер болса да, арабтардан үйренетін тәжірибе көп. Олар сұңқарды аса қасиетті құс санағандықтан, Араб Әмірлігінде онымен тек ақсүйектер ғана саятшылық құратын көрінеді. Сонымен бірге, арабтың ежелгі дәстүрі бойынша, аңшылыққа 2 жыл пайдаланылған құс міндетті түрде еркіндікке жіберіліп отырған. Өйткені, адамзат баласы жабайы табиғаттағы сұңқар мен ителгі санының азаюына залал келтірмеуі тиіс. Қазір әлемнің бірқатар елдерінде жүзеге асырылып отырған осы экологиялық бағдарлама да дәстүрдің негізінде жасалыпты.

Біріккен Араб Әмірлігіне құдай көптеген табиғат ресурстарын берген. Сондықтан да біз жабайы табиғатқа зиян келтірмеуіміз және құстың санын көбейтуге болашақта да өз үлесімізді қосуымыз қажет. Арабтардың аңға шығу дәстүрі бойынша сұңқарлар екі жылдан кейін бостандыққа жіберіліп тұрған. Өйткені соңғы 10 жылда сұңқарды браконьерлік жолмен аулап, шетелге сататындар көбейіп кетті.

– Мәселен, бүгін біз бостандыққа ұшырып жатқан құстардың барлығы біздің елдегі контрабандашылардан тәркіленген, – деді бізге берген сұхбатында экологиялық жобаның үйлестірушісі Мұхаммед Салих. Араб Әмірлігінде сұңқар мен ителгіні әлемдік деңгейде қорғау жөніндегі бағдарламаға мемлекет жан-жақты қолдау жасап тұрады. Құстарды бостандыққа жіберуге осы экологиялық жобаның жетекшісі, жоғары мәртебелі шейх Мухаммед Ахмет Аль Баварди Шығыс Қазақстанға арнайы

келіпті. Ол Күршім және Катонқарағай өңірінің таулы, өзенді жерлеріне ұшырылған сұңқарды жеке бақылап, әрқайсысын суретке түсіріп отырды. Акцияны ұйымдастырушылар, ең бастысы, еркіндікке жіберілген құстар қайтадан браконьерлердің қолына түспесе дейді. Өйткені, өткен жылы ғана Шығыс Қазақстанның дәл осы аймақтарында 17 сұңқарды ұстап, шетелге өткізбек болған Египет пен Сирия мемлекетінің азаматтары ұсталған болатын.

– Біз бұл жобаны Қазақстанда жүзеге асырудың тиімді екендігіне көз жеткіздік. Бұл өңірдің табиғаты сұңқар және ителгі сияқты құстарға өте қолайлы. Олардың жабайы ортаға бейімделіп, өз қорегін табуына барлық жағдай бар. Ең бастысы, құстар табиғат жауларының қолына түспесе болғаны, – дейді экологиялық жобаның жетекшісі, жоғары мәртебелі шейх Мухаммед Ахмет Аль-Баварди.

Жалпы Араб елдері бұл жобаны халықаралық деңгейде жүзеге асыруға қыруар қаржы жұмсап келеді. Мәселен, мына сұңқарлар осыған дейін Дубайдағы арнайы құстардың емханасында сауығып шыққан. Арабтар оның әрқайсысына құны 2 мың доллар тұратын электрондық қондырғылар тақты. Салмағы бар-жоғы 9 грамдық күннен қуат алатын спутниктік жабдық арқылы сұңқарларды болашақта да бақылауға болады. Дәстүр бойынша әрбір сұңқардан кейін оның соңынан көгершін ұшырылды. Бұл әдіс жыртқыш құстың аңшылық машығын есіне түсіруі үшін қажет.

13. Мәтін мазмұнына сәйкес ақпаратты көрсетіңіз.

A)Құсбегілікпен арабтар сәндік үшін айналысты

B)Жоба қаражат тартуды көздеді

C)Бұл жер табиғаты құс өсіруге қолайсыз

D)Құстардың арнайы емделу орталықтары бар

E)Аңшылықпен тек қазақ халқы айналысады

[1]

14. Мәтін не туралы?

A)Саятшылық

B)Аңшылық

C)Құстарды қорғау

D)Сұңқарлар өмірі

E)Ителгілердің өмірі

[1]

15. Соңғы азатжолдың төртінші азатжолға қатысы қандай?

A)Ойды қорытындылайды

B)Ойды суреттейді

C)Ойды сипаттайды

D)Ойды баяндайды

E)Ойды дамытады

[1]

16. «Мектеп кітапханасында» тақырыбында әңгіме құрастырып жаз. [5]

Барлығы – 20 балл

8-сынып
ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ
Тек бір ғана жауабы дұрыс.

1-мәтін

Бақ ішінде адам болмайтын. Күндіз құс екеш құс та сайрамайтын мұнда.

Тек таңертеңгі және кешкі шақтарда Гхутахтың көк жасыл жазығына қарай алыс таулардан қоңыр салқын самал ескенде ғана құстар улап-шулап қоя беретін. Алайда, мұнда бағбан боп келгеніне бір жұмадай ғана болған, бұ дүниенің күйкі тірлігімен қоштасқан жиһанкез жан үшін ең ләззатты сәт таң алдындағы әуілдектің құлақ құрышын қандырар махаббат ынтығына толы, құпияға толы әні болатын. Осындай шақтарда ол ұйқысы қанып, төңірекке рахаттана көз жіберетін де, бұлақтағы тастай суға жуынып, басқа жұмысқа отырмас бұрын қолына қыпшағын алатын. Қос ішекті термелей отырып, әуілдек әніне құлақ тосқан күйде таңғы жұпар ауаны көкірегін кере жұтып, ойын бір арнаға түсіріп, өзінің жазбаларын жалғастыруға әзірленетін.

Сайраған құстар әні оны көптен бері арман етіп жүрген музыка жайлы кітап жазуға итермелейтін. Парақ-парақ қағаздар бетінде музыкалық ноталардың толып жатқан белгілері жазылған. Құстар үнінің ырғақты саздарын ден қоя тыңдап, әр дыбысқа дәл анықтама беруге тырысатын, музыка өз ойларын, түйгендерін қағаз бетіне түсіріп, оның тарихы мен теориясын жүйелеумен шұғылданды. Ал сол үздік-создық ойларын бір кітап етіп, ертедегі гректер мен индустардың музыка мен музыка аспаптары жайлы ғылымның негіздері бар еңбектерін тегіс зерттеу қажет.

1. Бағбанды ең ерекше күйге енгізетін сәтті белгілеңіз

A)Таңғы жұпар ауамен тыныстауы

B)Қоңыр салқын самал желдің соғуы

C)Құстардың сайраған үніне тандануы

D)Бұлбұлдың таңғы үнін естуі

E)Әуілдектің сиқырлы әніне елтуі

[1]

2 - мәтін

1.Айдостың туфлиі жыртылып қалды. Ертесі сабаққа киіп баратын туфли табыла қоймады. Ауылдағылар ауданға себепсіз бара бермейді. Әкесі жыртылған туфлиінің табанын алып, басқа табаны тозған аяқ киімге тігіп берді. Көзге қораш көрінеді. Оны қарап тұрған әкесі жоқ. «Тамаша емес пе?» деп қояды.

2.Ертесіне еріксіз әлгі аяқ киіммен мектепке барды. Галош секілді бірдеме өзі. Әшейінде партаның үстімен жүгіріп жүретін Айдос осы жолы тыныш отырды. Сұрағандарға «ауырып отырмын» дей салды. Аяғына бәрі қарап отырғандай. Партаның астына тығып әлектенді. Мұғалімдер сабақ сұрайды, бұл дайын емеспін дей салады. Олар да журналға тиісті бағаларын қонжитып жатыр. Тақтаға да шықпады. Өзін қор санады. Тамағына өксік тығылды. 4 сабақ біткенше орнынан тапжылмай отырды.

3.Сабақ аяқталысымен мектептен жүгіре шықты. Еңіреп жылап үйге келді.Үйге кірсе, жаңа туфли әкеліп қойыпты.

2. Айдос неліктен жылап жіберді?

А)Ата-анасына сенбегеніне ренжіп.

В)Жаңа туфли әпергеніне қуанып.

С)Сабақты айтпай, тисті баға алғанына.

Д)Бүгін басынан өткен жағдайға төзгеніне.

Е)Туфлисіз қалғанына ренжіп.

[1]

3. Қандай мақал-мәтел Айдостың қылығына сәйкес келеді?

А)Қырсыққан жігіт мал таппас.

В)Қалауын тапса қар жанар.

С)Жылай-жылай жар қазсаң, күле-күле су ішерсің.

Д)Базарда бәрі бар, ақшасыз ешкім бермейді.

Е)Өтірік айтқаннан өлген артық.

[1]

4. 2-бөлімде қандай жағдай туралы айтылды?

1. Айдос келеңсіз жағдайға тап болды.

2. Сыныптастарының барлығы Айдостың аяқ киіміне күлді.

[1]

5. Айдос бүгінгі сабағын әдеттегідей оқыды.

А)Барлығы теріс

В)Барлығы дұрыс

С)Үшінші

Д)Бірінші

Е)Екінші

[1]

6. 1-бөлім бойынша Айдос қандай әрекетке ыза болды?

А)Туфлиінің жыртылғанына

В)Әкесінің басқа табан тігіп бергеніне

С)Ертең сабаққа баратынына

Д)Әкесі Айдостың пікірін сұрамағанына

Е)Ауданға баратын адамның болмағанына

[1]

3 - мәтін

Түн, түн неткен қараңғы еді! Жұлдыздар да шілде ортасындағыдай шүпірлей қапты. Анау – темірқазық, анау – жетіқарақшы. Анау – ақбоз, көкбоз... Анау... Апырау, ат құлағының арасынан қылаңытқан күлдей бозаң шоғыр Үркер ғой! Жарықтық, бұдан ұсақ, бұдан солғын жұлдыз жоқ шығар. Бірақ, соған қарамастан, қаншама самала шырақтар самғаған түнгі аспанда оны көзің бірден шалып тұр-ау! Оның сиқыры неде екен? Әлде жұп ажыратпай бірге туып, бірге бататынынан ба? Жұлдыз екеш жұлдыз да неғұрлым саны аз, неғұрлым жарығы солғын болған сайын жиі тұрмаса, көзге түсе алмайтындарын білген ғой! Өздері неткен ыңғайтөк еді! Жаздың жаңбырлы, құрғақ, қыстың жайлы, жайсыз боларын жұрт

осы Үркерге қарап біле қояды. Бәрін алдын ала осы бір шөкім солғын шырақтар сезіп қоятындай. Бәлкім, мынау бірін-бірі иықтап, бірін-бірі төбеден нұқып жатқан әумесер дүниеде аз халықтарға да осы Үркер мінез керек шығар! Бәлкім, олар мынау ұйтқымасы көп аласапыран дүниеде тек Үркердей тығыз тұрып, дауыл мен боранды Үркердей алдын ала біліп, алдын ала ыңғайға аунап отыра алса ғана, аман қала алатын шығар...

Жолға шыққанда Үркердің маңдайынан туғанын жақсылыққа жорымаушы ма еді! «Үміт артсаң, Үркерге қара!» деуші еді ғой. Желтоқсанда да Үркердің ат құлағынан асып көтерілмегені алдағы қыстың жайлылығы шығар. Алдыңда жақсылықтан асқан бақыт бар дейсің бе!

Үркердің қарсы алдыңнан туғаны маңдайынан ашылайын дегені ме екен?!

Не де болса үміт бар ғой. Қаршадай Ералы көз көрмеген алыс жолға сол үмітпен аттанды ғой. Бұрын қайда аттап басса да, үрей анталап тұрмаушы ма еді. Жоңғар қайтер екен, қалмақ қайтер екен, башқұрт қайтер екен деп қаралай қылпылдап бітуші едік қой. Енді, не де болса, бір үміт бар емес пе.

Ендеше, мынау Үркер де жақсылығымен туған шығар. Тек бұның, тек мынау талайды көріп, талай тауға басын соққан көнтері жұртының алдынан ылғи осылай үміт шырағы туып тұрғандай!

7. Мәтіннің бірінші азатжолы қандай үлгіде жазылған?

- A)Әңгімелеу
- B)Сипаттау
- C)Суреттеу
- D)Пайымдау
- E)Баяндау

[1]

8. Мәтін мазмұнына сәйкес «Бәлкім, мынау бірін-бірі иықтап, бірін-бірі төбеден нұқып жатқан әумесер дүниеде аз халықтарға да осы Үркер мінез керек шығар!» деу арқылы автор қандай нәрсеге назар аудартады?

- A)Турашылдыққа
- B)Сенімділікке
- C)Болжампаздыққа
- D)Сабырлыққа
- E)Шынайылыққа

[1]

9. Мәтіннің тақырыбы қандай?

- A)Дала аспаны
- B)Үміт шырағы
- C)Жақсылық нышаны

D)Жұлдыз сыры

E)Ырымшыл халық

[1]

10. Автордың «...Тек бұның, тек мынау талайды көріп, талай тауға басын соққан көңтері жұртының алдынан ылғи осылай үміт шырағы туып тұрғандай!» деп аяқтауының мақсаты қандай?

A)Халқына сенім арту

B)Халқына қамқор болу

C)Халқының жолын ашу

D)Халқына жанашыр болу

E)Халқының қамын ойлау

[1]

11. «Халық не себептен «Үміт артсаң, Үркерге қара!» деген?

A)Түн жарық болатындықтан

B)Түн жылы болатындықтан

C)Дәстүрді құрметтеген

D)Бағыт сілтеуші болғандықтан

E)Жақсылыққа жорығандықтан

[1]

12. «Не де болса үміт бар ғой. Қаршадай Ералы көз көрмеген алыс жолға сол үмітпен аттанды ғой» деп кейіпкердің қандай қасиетін көрсетіп тұр?

A)Мақсатшылдығын

B)Сабырлылығын

C)Жігерлілігін

D)Тәуекелшілдігін

E)Ұстамдылығын

[1]

4 - мәтін

Қазақтың кино сүйер қауымына танымал кинодраматург, режиссер Ермек Тұрсыновтың телеарнаға берген сұхбаты ұсынылады

Бұдан кейін кино түсірем бе, білмеймін...

– Кино әлеміндегі алғашқы қадамдарыңыз қандай болды?

1.–1992-93 жылдары Америкада жүргенімде режиссер ретінде алғашқы дебютім болды. АҚШ-тың Юта штатында Солт-Лейк-Сити деген қала бар. Сол жердегі кино мамандарына бірнеше сценарий жазып бергенмін. Бір күні кино түсіру алаңына келсем, режиссер жоқ екен. Стив деген продюсер бар еді, материалды өзімнен артық ешкім білмейтінін алға тартып, фильмді қолға алуымды сұрады. Қысқасы, кино алаңына итергендей етіп шығарды. Бұл кездейсоқ жағдай. Мен режиссер емеспін, негізгі мамандығым – кинодраматург. Сөйтіп басталып кетті. Бірнеше бейнеролик түсірдім. Олардың тапсырысымен әлеуметтік жарнама түріндегі екі фильм түсірдім. Алматыға қайтып келгеннен кейін де сценарий жазуды тоқтатқан жоқпын. «Мұстафа Шоқайды» жаздым.

«Қазақфильмнің» президентінің орнына Анар Қашағанова келгенде Ақтан Арым Құбат деген қырғыз режиссеріне берген «Келін» сценарийі бойынша түсіруді «Материалды өзіңнен артық ешкім білмейді, әрі бастағаннан кейін аяғына жеткізу керек» дегенді айтып, кино түсіру алаңына итергендей етіп шығарды. Кейбіреулер режиссерлік үшін күресіп жүрсе, мен мәжбүрліктен қолға алдым. Сөйтіп аяқ астынан режиссер болып шыға келдім.

– Режиссер ретінде өзіңді қалай бағалайсыз? Сіздің бойыңызда режиссерлік қасиет басым ба, әлде кинодраматург ретінде мықтысыз ба?

2. – Драматург бола жүріп, көптеген сценарий жаздым. Режиссерге бересің. Кейін кино шыққанда қарасаң, көңілің толмайды. «Өттеген-ай!» дейтін тұстары көп болады. Сценарийді жазғанда бір киноны көз алдыңа елестетіп отырасың. Кино шыққанда қарасаң, сенің алдындағы суретіңмен сабақтаспайды, мүлдем басқа жаққа кетіп қалады. Ештеңе айта алмайсың. Өйткені, режиссердің көзқарасы басқа. Бірнеше рет сценарийлерім ойлағанымдай емес, мүлдем басқа кино болып шыққанда ішімнен өкініп жүрдім. Жалпы, режиссер ретінде біреудің жазған сценарийін түсіре алмаймын. Тек қана өзімдікің түсіремін. Егер бір жерден қате кетсе, тек өзіңнен көресің. Ең бастысы – жауапкершілік. Өзіңе, өз ісіңе деген жауапкершілік. Ешқандай тапсырыспен жұмыс істемеу керек. Жұмысты қолға алдың ба, оны жоғары кәсіби дәрежеде істеу керек. Өз шығармашылығыма баға бере алмаймын. Бірақ, кәсіби дайындықпен келгенім анық.

3. Жауапкершілік дегеннен туады, бір киноға шамамен екі жылдай уақыт кетеді. Бұл аз уақыт емес. Ал менің досым Тимур Бекмамбетов жылына төрт кино түсіреді. Тимурды жақсы көремін. Мәскеуде жүргенде жақын араласатынбыз. Өте дарынды, мықты жігіт. Бірақ, оның кинолары жеңілтек. Көбінесе компьютерге сүйене отырып жасалады. Бұл адамның интеллектісіне байланысты нәрсе емес. Мұнда техникалық, технологиялық интеллект басымдыққа ие болып тұр.

4. Қазір кино түсіру еріккеннің ермегіне айналып кетті. Жақсы кино көргенде адам қуануы керек. Ал қазіргі біздің киноларды көргенде қуана алмайсың. Өйткені, деңгей түсіп кетті. Еліктеу көп. Өз ойымыз жоқ. Жұртты күлдіргіміз келеді. Күлкінің өзі де түкке тұрмайтын болып шығады. Ойсыз. Күлкінің өзінің ар жағында ой болуы керек. Ал қазіргі кинолардағы күлкі – «аха-ха, иха-ха». Бұл дүниелер, яғни соңғы жылдары кино деп түсіріліп, кино ретінде көрсетіліп жүрген дүниелер – кино емес. Баян Есентаева, Нұртас Адамбайлардың түсіріп жүргендері кино деуге келмейді. Мейлі ғой, түсіре берсін. Бірақ, басын ашып алу керек, олардікі

ешқандай да кино емес. Басқа нәрсе. Жанрды өзгерту керек шығар, бәлкім. Бұлардың ең басты ойы – ақша жинау. Ал нағыз өнер адамы ақша үшін жазбайды. Мұхтар Әуезов Абайды ақша үшін жазған жоқ. Шәкен Айманов, Сұлтан Қожықовтар ақшаның құнын білетін, бірақ ақша үшін жазбайтын. Ал қазіргілер о бастан-ақ ақшаны бірінші орынға қояды. Қазіргі кинолардың кино дегеннен гөрі бизнес жобаға келетіні сондықтан болса керек. Киноның аты да өзгерді қазір. Кино түсіруге бел будың ба, бүкіл жан-дүниенімен соған берілесің, үлкен дайындықпен кірісесің. Басында қорқасың. Ылғи сол. Ал кино біткеннен кейін ауырасың. Өзім әр кинодан кейін 3-4 айдай ауырамын.

13. 4-бөлімде автор кімге кино туралы ойын өзгерту керек деп кеңес береді?

- А)Американдық Стивке
- В)Тимур Бекмамбетовке
- С)Ақтан Арым Құбатқа
- Д)Анар Қашағановаға
- Е)Нұртас Адамбаевқа

[1]

14. Сұхбат қандай мақсатпен алынды?

- А)Баян Есентаева мен Нұртас Адамбайға сын айтқызу үшін
- В)Ермек Тұрсыновты таныстыру үшін
- С)Отандық фильмдерге талдау жасау үшін
- Д)Ермек Тұрсыновтың фильмдерін жарнамалау үшін
- Е)Ермек Тұрсыновтың кино туралы ойын білу үшін

[1]

15. Ермек Тұрсыновтың адами қасиеттері туралы қандай ой түюге болады?

- А)Ол – жауапкершілігі жоғары және өз ісіне адал адам.
- В)Ол – Америкада тәжірибе жинақтаған режиссер.
- С)Ол – өз сценарийлеріне кино түсіріп жүрген танымал режиссер.
- Д)Ол – білімі мен тәжірибесін ұштастыра білген адам.
- Е)Ол –отандық киноиндустрия саласын дамытуға күш салған адам.

18. Отандық кино жағдайы туралы қай бөлімде ой қозғайды

[1]

16. «Әлеуметтік желі: қауіп пе, қажеттілік пе?» тақырыбында эссе жаз.

[5]

Барлығы – 20 балл